

SikaTile-14

ӨНІМНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Керамикаға арналған әмбебап желімдеуші ерітінді

СИПАТТАМАСЫ

Sika Tile-14 – жоғары бекіткіш қасиеттері бар, әмбебап желім. Фаянсты, керамиканы желімдеу үшін қолданылады. Дайындалуы және жағылуы оңай.

ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

- Ішкі және сыртқы жұмыстар кезінде.
- Ванна, ас бөлмесі сияқты құрғақ және ылғал бөлме-жайларда фаянс пен кафельді цемент негізіндегі беттерге жабыстыру үшін

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

- Дайындалуы және жағылуы оңай
- Пайдаланудың ұзақ мерзімі
- Тіке және көлбеу беттерге қауіптенбей жағуға болады
- Тіке беттерге жағу кезінде ағып кетпейді
- Суға және аязға төзімді

БЕТТІ ДАЙЫНДАУ

Бет тегіс және мықты, шаңнан, әктен, майлардан, бояу қалдықтарынан және т.б. тазартылған болуы тиіс. Босаңсыған бетонды сылақ қабаттарын алып тастау және қалпына келтіру қажет, ал жарылған және ойылған жерлерді бір күн бұрын ерітіндімен толтыру қажет. Егер жағу бетінің температурасы +25°C-тан асып кетсе, оны ылғалдандыру қажет. Негіздің суды тез сіңіруін азайту үшін, SikaTile P 300 (Astar-A) астарын қолдану ұсынылады.

ДАЙЫНДАУ

Араластыруға арналған ыңғайлы және таза ыдысқа су құю, қоспаның қажетті мөлшерін төгу және миксердің көмегімен біртекті құрам пайда болғанша араластыру немесе мұқият араластыру қажет. Материал қолдануға дайын.

СУМЕН АРАЛАСТЫРУ

Sika Tile-14	1 кг құрғақ қоспа	25 кг құрғақ қоспа
Араластыруға арналған судың қажетті мөлшері	0,20-0,22 л	5,2-5,5 л

ҚОЛДАНУ ӘДІСІ

Sika Tile-14 желімі бетке қалақшаның тегіс жағымен жұқа қабатпен жағылады, одан кейін қалақшаның кертпелі жағымен бір бағытта біркелкі етіп таратылып жағылады. Желімді 10 минут ішінде қаптауға болатын аумаққа жағу қажет. Құрғақ тақта дайындалған бетке салынады және бұрылмалы қимылмен желімге батырылады. Тақталарды қалағаннан кейін 10 минут ішінде түзетуге болады. Жапсарлардың ұсынылған барына аз ені 3 мм. Жапсарларды бітеп тегістеу үшін SikaTile FLX 555-ті

пайдаланыңыз. Жапсарларды жабу үшін осы материалдарды жағуды керамиканы жабыстырғаннан кейін шамамен 24 сағаттан кейін жасауға болады.

ЖАПСАРДЫҢ ҰСЫНЫЛҒАН ЕНІ

Тақтаның өлшемі	Жапсардың ені
5x5 см-ге дейін	3 мм
15x15 см-ге дейін	4 мм
15x15 см-ден артық	6-8 мм

ҚАЛАҚША КЕРТІГІНІҢ ҰСЫНЫЛҒАН ӨЛШЕМІ

Тақтаның өлшемі	Жапсардың ені	
30x30 см-ге дейін	6x6 мм	~3 мм
30x30 см-ден артық	8x8 мм	~4 мм

ЖЕЛІМДЕЙТІН ЕРІТІНДІНІҢ ДАЙЫН БОЛУЫН ТЕКСЕРУ

Желімді саусақтармен басыңыз. Егер желім саусақтарға жабысатын болса, онда керамиканы салуды жалғастырыңыз. Егер саусақтар желіммен былғанбаса, демек желімді қолдану уақыты аяқталған. Бұл жағдайда беттен желімді алып тастау және жаңасын жағу керек.

ЕСКЕРТУ

- Ауа температурасы -20°C-тан төмен түсетін өңірлерде сыртқы қолдану кезінде аязға төзімділік қасиетін арттыру үшін Sika Top WP 666 қосып пайдалану ұсынылады.
 - Жағылған Sika Tile-14 желімінің қалыңдығы 6 мм-ден аспауы тиіс
 - Егер жағу бетінің және қоршаған ортаның температурасы +5°C-тан төмен болса, ерітіндіні жағуға болмайды.
 - Ерітіндіні жұмыс барысында қолданылатындай мөлшерде ғана дайындау қажет.
 - Күмәнді жағдайларда жоғарыда айтылған саусақтармен тексеруді жүргізу қажет.
- Дайындалған ерітіндіге су мен ұнтақ қосуға болмайды. +23°C жағдайында жағылған Sika Tile-14 желімдеуші ерітіндісі, 14 күннен кейін соңғы беріктігіне (қаттылығына) жетеді. Осы температурадан төмен жағдайда жұмыс істеген кезде беріктік жинау мерзімі артады.
- Егер керамика сыртқы беттерге салынған болса, 24 сағат бойы оны тура күн сәулесінен, желден, жаңбыр мен аяздан қорғауға тырысыңыз.

ҚАПТАЛУЫ

25-килограмдық, полиэтиленмен нығайтылған қағаз крафт қап.

САҚТАУ

Құрғақ бөлме-жайда сақтау қажет, кепілдік сақтау мерзімі – 12 ай.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Қалыңдығы 12 мм-ден артық керамиканы және табиғи тастан жасалған тақталарды ұзын және кең бөлме-жайларда қалаған кезде, Sika Tile-15 желімін пайдалану қажет.
- Ақ және ашық түсті мәрмәрдің түсі уақыт өте келе өзгеріп кетпеуі үшін, Ақ түсті SikaCeram FLX 24 желімін қолдану қажет.
- Сыртқы беттерге салған кезде, гранит керамиканы немесе табиғи тасты қалаған кезде, термалды хауыздарды, жылытылатын едендерді жапқан кезде немесе керамиканы керамикаға жапсырып жаңарту кезінде, Sika Tile-15 желімін Sika Top WP 666 әмбебап қоспасымен араластыру қажет.
- Егер жоғарыда аталған жағдайларды бақылауды құрылыс алаңында жасау мүмкін болмаса, SikaCeram FLX 24-ті қолдану қажет.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ. САҚТАУ. ЖОЮ.

Беттің ұсынылған температурасы +5°C-тен бастап +30°C-ға

дейін. Қалған ерітіндіні дренаж жүйесіне және кәрізге төгуге тыйым салынады. Қалдықтарды жою жөніндегі жергілікті ережелерді басшылыққа алыңыз. Қоспалары бар қаптар қаптаманың сақталуын қамтамасыз ететін және жерден аздап биіктегі түптағандарда ылғалдан қорғайтын жағдайларда +5°C-тен төмен емес температурада сақталуы тиіс. Ұсынылған сақтау шарттарын бұзу материалдың немесе қаптаманың зақымдалу себебі болуы мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

«Сика Сентрал Эйша» ЖШС компаниясы шығаратын және сататын барлық материалдар тәуелсіз сертификатталған және сапасы, қоршаған орта жағдайларын ластамау, жұмыс істейтін қызметкерлердің денсаулығына залал мен зиян келтірмеу жөніндегі халықаралық талаптарға: ISO 9001 халықаралық стандарттарына толығымен сай келетін, шығарылатын өнімнің сапасын басқару жүйесінің бақылауымен жасалған.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ*

Материалдың құрылымы	Полимерлермен және минералды толтырғыштармен нығайтылған ерекше цемент
Жабысуы	> 0,5 Н/мм ²
Жағылу қалыңдығы	Мин. 3 мм - Макс. 6 мм
Жапсарларды толтыру уақыты	24 сағаттан кейін
Өңделетін беттің температурасы	+5 бастап +30С дейін
Пайдалану температурасы	-20 бастап +80°C дейін
Ерітіндінің жетілу уақыты	5 минут
Түсі	Сұр
Ерітіндіні пайдалану уақыты	2 сағат
Жағылған желімнің ашық түрде жарамдылық уақыты	10 минут
Беттің үстінде жүруге болады	24 сағаттан кейін
Толық қату уақыты	14 күн
Шығыны (қалыңдығы 1 мм болғанда)	1,4 кг/м ²
Аязға төзімділігі	F50

*Жоғарыда көрсетілген цифрлар тек қана басшылыққа алуға арналған және техникалық сипаттамалардың негізі ретінде пайдаланылмауы тиіс.

* +23°C температурасында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 50% болған жағдайда. Жоғары температуралар жоғарыда аталған уақыт кезеңін азайтады, төмен температура - ұзартады.

** Шығынды анықтау кезінде негіздің кедір-бұдырлық дәрежесін, тақтаның артқы жағының бедерін және оның өлшемін ескеру қажет.

Ескерту:

Техникалық сипаттамада ұсынылған барлық ақпарат шынайы, дәл болып табылатынына және мазмұнында тексерілген деректер мен барлық жинақталған тәжірибені үйлестіретініне қарамастан, компания материалды арналымы бойынша пайдаланбау үшін, техникалық ұсыныстарды беру үшін және өзіміздің өкілдеріміз бен дистрибьюторларымыздың әрекеттері үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді. Техникалық сипаттамада көрсетілген барлық деректер уақыт өткен сайын жаңартылып отырады, жаңартылған соңғы нұсқаны алу тұтынушының міндеті болып табылады.

Сика Сентрал Эйша ЖШС

050016, **Almaty**, Kazakhstan
100/5, Mamyr-4 dstr., 4th floor
Phone +7 (727) 39 000 39
E-mail: info@kz.sika.com
www.sika.kz

Raiymbek ave., 211A
Phone +7 (727) 222 12 83

060021, **Atyrau**, Kazakhstan
Azattyk ave., 116A
Phone +7 (7122) 30 88 22

010000, **Astana**, Kazakhstan
Beisekbayeva street, 24/1
Phone +7 (7172) 69 51 84